

**МҰХАМЕТЖАН
ЕТЕКБАЕВ**

**Қара-
жарпас
жикаясы**

ЕРТЕГІ-ПОВЕСТЕР

**АЛМАТЫ
«ЖАЛЫН»
1990**

ББК 84Каз7—44
Е 88

*Редакторы — С. Маметов
Пікір жазғайт — Ә. Бекежанова*

**E — 4803250201—92
408 (05) 90 — 147—90**

ISBN 5-610-00485-3

© «Жалын» баспасы — 1990

**Алатау
ертегіci**



Bірінші таралу

АСПАНДАҒЫ ӘҢГІМЕ

Мұзбалақ шырқау көкке шығып алған. Қос қанатын анда-санда бір қағып самғай үшіп келеді. Алатаудың ак қар, көк мұз түмшалаған шын-күздары, сай-шатқалды шоқылары, найзадай тік шашылған жартастары мұнартып көрінеді.

Боран қарын үшірып, айдап кеткен күнгей беттер карауытып одан да төмен жатыр. Сонау терен анғардағы өзеннің бірлі-жарым мұзы еріген тұста ағып жаткан суғана, күн нұрына шағылысып, анда-санда жалт-жұлт ете қалады. Етектегі күнгейлердің әр жерінде жайылған қоракора кой ағарандап көзге зорға шалынады.

Көк жүзінде тастай сұық ауаны жұткан кезде бүкіл ішек-қарынға көк сұнгіні жүгірткендей тұла бойды түршіктіріп, дүр сілкінтіп жіберетін де жайы бар. Алайда, бұл тау қыраны — бүркіттерге балапан шактан үйреншікті, таныс жағдай. Ол сұық ауа жұтқанына қиналмайды, қайта одан бойы сергіп, жігерлене түседі. Тынысы да кенейіп, күшүрлана самғайды.

Мұзбалактың топшысына, кос қанаттың үшінә, балас жүн, бауырындағы қауырсынға ақ кірпік қырау тұрған. Ол бір жерге келгенде жан-жағына қарап еді, жолдасы Ақыңқ одан да биіктеп кеткен екен. Қарулы, қайқы қанатын анда-санда бір қағып, шалкар көкте қалықтап, ентелей заулап барады.

Мұзбалак өрлей үшып Ақыңққа жақын келді. Онымен қатарласа берді де:

— Серуендең біраз жүрдік. Осымыз да жетер, енді төмөндең, жерге қарай жақындалық,— деп бір-екі санқ етті.

Ақыңқ оған жауап үн қатып, қанатын қағыл-қағыл жіберді. Бір сәттен соң бұрылып, арт жағына қарап еді, Мұзбалак қанатын комдал алып, жерге қарай құлдилап тартқан екен. Ол лезде-ақ лақтырған тастай зулаган күйі шоқының бауырындағы шошак тасқа барып қонды. Өзінің қайда екенін білдіргісі келгендей қанатын жайып, жиып тағы да дыбыс берді.

Арада бірер минут өтті ме, өтпеді ме, Мұзбалактың құлағына гүл келді. Ақыңқтың өзі екен, тіке төмен сорғалапты. Кірпік қағым уақытта серігінің жанынан зу етіп өте шықты. Екпінің соққан жел Мұзбалактың қанаты мен құйрығын, балас жүнін дудыратты. Ол бұрыла қарап еді, Ақыңқ қайқаң етіп аспанға қайта өрлепті.

Ұябасар мойнын созып:

— Бері жақын келіп қон,— деді оған шаңқ етіп.

Ақыңқ көп ұзамай кейін қарай бұрылды да, қалқып келіп, жанына жақын қонды. Ақыңқ — шәулісі, ата бүркіт, ал Мұзбалак — ұябасар мекиені. Екеуі бір-бірімен биыл қыста табысқан. Енді, міне, бірігіл ұя салуды ойлап жүрген жайы бар.

— Қыстың соңғы айының да бітуіне аз қалды. Күн үзара бастады. Құнгейлердің қары да еріп жатыр. Аяздың беті қайтып, аркамызды күн қыздырды. Біраздан соң бар әлем, жан-жануар көктемді қарсы алады. Жылы жаққа кеткен құстар келеді. Байқап жүрген шығарсын, тау қыстаған малшылар да малдарын төлдетуге кам жасап жүр. Жадыраған көктем күні бар әлемге шаттық, бақыт әкелді. Бар жануар, аң мен құс куанышқа кенелер, Ақыңқ!— деп, Мұзбалак байсалды кейіппен сейледі.

— Айтқаныңың бәрі дұрыс, Мұзбалак,— деп Ақыңқ басын изеп, жолдасына қарады.— Онда неден бастаймыз?

— Ең алдымен тездетіп ұя жасап, жұмыртқа салуымыз

керек қой. Оны басып, балапан шығарамыз,— деп Мұзбалақ, ана бүркіт емес пе, қанатын комдап отырып, көкейіне түйгенін серігіне түсіндірді.

— Ал, жарайды, солай болсын. Ол үшін не істейміз?

— Тауды аралап, үя салар жер іздейміз.

— Иә, мұның табылған ақыл екен,— деп, Ақиық басын аздап шүлғыды.— Оnda дұрыс, сейтейік. Айтқаныңың барлығын орындауға мен дайынмын, Мұзбалақ.

Келісім осы болды да, екі қыран сәл тыныстап алған соң қайта үшып, аспанға тік өрледі. Биік шокы, күзарлардың бауырларын жанай үшып, әр жартаска кез жібереді. Терен шатқал, тік кияның әр бұрылыш, жакпарын, не шынырау күзарларын бағдарлап, жіті қарап келеді.

— Бізге биік жартастың бүркітқабак¹ жері керек. Ондай жерге жауын-шашиң тимейді және оның асты тегіс, үй орындей кең болсын. Оған қоса үя салар ол орынның астынан да, үстінен де аңшы атаулы келе алмағаны жән. Эйтпесе олар үяды балапанды алып кетеді,— деп ескертті Мұзбалақ.— Біздің салған үямызға үшкан құстан басқа ешкім жетуге тиіс емес. Кек патшасы өзіміз. Эйткенмен жер-әлемнің қожасы да, оны билеп басқаратын иесі де адам ғой. Дүниеде бар жануар, аң да, күс та екі аяқты адамға қарсы келіп көрген емес. Сондыктан да біз де одан сактанып, онымен соқтықпай, сақ жүруге тиіспіз. Адамдардан басқа бізге ешкім тиіспейді.

Ақиық басын изеді.

Ойға қалғандай, біраз үнсіз отырды. Сосын барып Мұзбалакқа сұраулы кейіппен қарады.

— Шын айтамын, Ақиық! Өмірден көргенім бар, тіршілікте көкейге түйгенім бар, содан сабак етіп отырмын. Оның үстінен, бұрынғы үлкен қырандардың тәжірибесін ескердім. Эйтпесе мен ерекше, әулие күс емеспін ғой,— деді ол қабагын шытқан күйі байыппен.

— Орынды сез, Мұзбалақ! Саятшылар қырандардың балапанын алуға әуес екенін мен де талай естігем. Қыран құстың, әсіресе бүркіттің балапанын алуға әркімнің-ак құмарлығы барлығын білем. Сондыктан да байқап қарап, сактанбаса болмайды,— деп қоштады Ақиық қатар үшып келе жатқан серігіне.

Жарыса үшқан екі қыран талай жерді аралап, түс кезінде бір күнгейден үя салар орын тапты. Жауын-шашиң

¹ Бүркітқабак — құлама биік жартастың тік қабакты, үшпа жері.

тимейтін, тікірейген қабак екен. Дәл астында кішкене тектүр¹ бар. Басқа жағы табан тірер жері жоқ — тік құлама.

— Дәл осы жер ыңғайлы орын болар. Қарап көрші, мәнінше, осы арадан дұрысы жоқ. Ұя салар жерін айтам, үй орнындей болмағанмен, таршылық жасай қоймас. Ал езіміз ұшып-қонып жүргендеге анау шеткі шоқы тасқа дамылдалап отырамыз,— деді Ақыық жанына жақын келген Мұзбалакқа.

Ұябасар бірден жауап бермеді. Ойланғандай әлгі жерді шоли қарады. Эрі-бері ұшып өтіп байқады. Бір сәттен соң жаңағы шошақ тасқа барып қонды. Басын шайқап, әрірекке барып қонған Ақыықты шақырды.

— Сенің сезің теріс емес, басқа орын табылмаса, бұл араны мекендеуге болады. Дегенмен мұның екі ыңғайсыз жағы бар,— деп токтады Мұзбалак.

— Қандай жағы, мысалы?

— Біріншіден, биыл жаздың құрғақ болатын түрі бар,— деді ойланған ұябасар жан-жағына қарап қойып.

— Оны қалай, қайдан білдің, Мұзбалак?

— Әнеугүні төмен, өзен аңгарына түскен кезде байқадым. Өзендер мен бұлактардың сұы азайып кетіпти. Күнгей беттің қары қазір еріт жатыр, бірақ сұы жерге сіңіп, жылжыр емес. Қар сұының бір жылғаға екіншісі қосылып, бұлак болып сарқырайтын кезі ғой осы уақыт. Бірақ биыл олай емес көрінді.

— Сонда қалай?

— Жер құрғақ. Откен жаздың ортасынан былай қарай Алатау өңірінде жаңбыр жәнді жаумады. Биыл қар да аз түсіпті.

— Рас айтып отырсың. Бұл жағдайды мен де аңгарып жүр едім,— деді Ақыық серігінің айналага зер сала қарайтуғын қасиетін білгендейтін.

— Дәл осындай жағдайда, көктем мен жаз күндері жаңбырдың мол жаууы өте сирек құбылыс. Сондықтан да асықпайық, Ақыық, ұямызды теріскеидеге салғанымыз жөн болады,— деді өзінің ішкі ойын білдіріп.

— Сонда тағы жаңа орын іздейміз бе?

Мұзбалак басын изеді, сосын сезін одан әрі жалғады.

— Неге десен... Жаздың ыстық күндерінде теріскеидегі

¹ Тектүр — бінкік жартастың кішкене тегістеу жері. Бұл арада ұя салуға болатын орынды айтып отыр.

жартасқа салған үя кебіне салқын болып, балапан шөлдемейді. Терен шатқалдан өрге қарай соғатын самалға төсін тосып, отыра береді. Оны бір дең кой. Екіншіден, бұл жартастың үя салар тектүры өте-мөте тар екен,— деп түсіндірді.

Ақыық әлгі жерді қимагандай азырак үнсіз отырып қалып еді.

— Сен неге үндемейсің? Тағы да іздеп көрсійік. Не көп, жер көп, жартас көп. Тау-тастан мүмкін будан да бір ыңғайлы орын тауып алармыз. Біз, буркіттер, біреу қуып бездірмесе, үя салған жерімізді өмір бойы мекендейміз. Сондықтан да құтмекеннің жаңға жайлышы, жылма-жыл балапан есіруге колайлы болғаны абзал,— деді оған.

— Расында, солай екен, Мұзбалак. Ақылмен ойластырып шешкен істе кемшілік аз болады деуші еді ғой үлкендер. Әлі де кеш емес онда, кәне, үя салар жана орын іздейік,— деді Ақыық жолдасына.

— Кеттік онда ілгері!

Сонымен екеуі тағы аспанға көтерілді. Алатаудың небір тіл-тік кияларын, шыңырау шатқалдарын, құзар жартастарын талмай ұшып қарап өтті.

Екеуі сол бетімен көп жерді аралады. Күн түстікten ауып қалған. Бір мезгілде он жағына басын бұрған Ақыық:

— Мына жакқа соға кетсек қайтеді?— деп саңқ етті серігіне үн қатып.— Өзі бір тар шатқал екен. Ағып жатқан бұлагы бар көрінеді. Теріскейдегі жартасқа қараши, өзі сүмдүк құзар екен, Мұзбалак! Жақын барып көрсек, ә?

Ұябасар өткір кезін солай тігіл, зер сала қарап алды. Содан кейін басын шұлғып:

— Мен қалай анғармағам, шынында. Мынау өзі бір тамаша жер-ау, сірә! Тауы биік, жартасы да ғаламат көрінеді. Онда көрсек көрелік, тарт солай!— деп келісіл, әлгі жакқа бет бұрды.

Бұл көрінген Каракыстақ анғарының бір кішкене айырымы Мұздысай бұлагы еді. Олар занғар жартасты, терен шатқал шыңырауды айнала ұшып өтіп, біраз уақыт шарлап журді. Барлап, байқап қарады. Тар шатқалдың теріскейін тутас алған құзар жартас, расында, ғажап екен. Үя салар жер де содан табылды, Шың басы кекпен астасқан, одан әрі булт ішінде сорайған қарлы мұзарт шоқылар анда-санда бір көрініп қалады. Ақыық басын қисайта қарап еді, таудың биік шоқтығына көзі зорға жетті.

Екі бүркіт қайта кейін бұрылып, үя салар жерге келді.

Төбесі бүркітқабакты екен, кеңдігі киіз үйдің орнындағы бар. Қара ала жолағы бар бүркітқабақ алға тас, алыстаныңшам ғана көрінген. Бірақ жақындағанда ол кішкене болмады. Құрық бойы биік екен, дәл тебеден төніп тұр. Жанбыр катты жауса да, үя салатын орынға төбесінен бүршак төпеп үрса да, тиетүғын түрі жоқ. Ал астыңы жағы болса, салаланып, төменге тік құлдилап түсіп жатыр. Зәулім жартас жақпary қысылшаң сай табанына бір-ақ жетіп тоқтаған. Тар шатқалда жалғыз аяқ жол бар екен, сорабы сонадайдан байқалады. Бұлақ сұы қайнасып, бұжыр-бұжыр мұзға айналып, еңіске құлап жатыр. Әсіресе бір бүйрат мұз аппак болып, өркештеніп көрінеді. Мұздың сайдың екі жақ беткейіне ну қарағай, тұл-тұп шетен ағашы, қалың бұта өсіпті.

— Тамаша жер, байқаймысың? Маган катты ұнап тұр. Оң жақтағы ана қыр тас, сол жақтағы мына бір тұп арша балапанды көктемдегі сұық желден корғайды. Ұямызды сол екі араға саламыз! — деп, Мұзбалак қуанғаниан көзі жайнап, құлім қакты.

— Бұл орынның тағы бір қасиетін айтайын ба, Мұзбалак, — деді Ақын җан-жагына көз сала қарап қойып.

— Айт, айт! — деді Мұзбалак.

— Өзі биік тау басында, әдейі іздел, келген біреу болмаса, көрінгеннің көзіне оңай түсе бермейді. Оған қоса жазда ертеңнен үлкен сәскे болғанша, сосьын кешкі мезгілде бұл жерге күн сәулесі жақсы түсіп тұрады екен, байқауымша, — деп, Ақын қанк-санк етіп, кос қанатын қағып-қағып жіберді.

Ұябасар мұны ойына алмапты, ол да қатты қуанды. Содан кейін айналасына көз жүгіртті.

— Шындығында, мынау өзі сәті түскен жұмыс болды, — деді орнынан қалбалактай қозғалып.

Екі қыран қанаттарын қағыстыра еркелеп, бір-біріне құлімдесе карады.

Сонымен күндер жылжып өте берді. Биік таулар болмаса, төменгі сай-саланың, күнгейлердің кары кетіп қалғалы да біраз уақыт өткен еді. Өзендері қалың мұз да сөгіліп, ойылып түсе бастаған. Ақпан бітіп, наурыздың да туганы жаца. Осындай бір қарбалас күндерде екі бүркіт жан-жактан бұтақ тасып, әлгі өздері белгілеген жартасқа үя салды. Қарсы беттен қарағанда бір тұп жусан түбіндегі бозторғайдың үясына үксаган бүркіт үясы шетен мен қарағай, тобылғы мен үшқат, ыргай сықылды буталардан

өріліп жасалған-ды. Бір қызығы, бұндай үя үстіне адам шығып, журсе де былқ етпейді.

— Міне, кектем басталды. Ұямыз да дайын болды, Ақың! Үлкен, кексе бүркіттер, үялары бұрыннан дайын құстар емес пе, жұмыртқасың салып та койды білем. Біз жаңадан бас қусырдық. Біразырак кешігіл те қалсақ керек. Балапан есіретін уақыт келді. Жалғыз гана біз емес, жанжануар атаулының бала өсіріп, тәрбиелеу — қасиетті борышы! — деп, Мұзбалак серігіне салмақпен сөз таstadtы.

— Рас айттын, бала — өмірдің жалғасы! Оны өсіріп, тәрбиелеу — бәріміздің міндетіміз. Бұл дүниеде, меніңше, одан асқан борыш жок! — деп, шәулі де көкейіне түйіп жүрген ойын айтты.

Сөйтіп, көп үзамай-ақ бір жұмыртқа дүниеге келген еді.

СҰЫҚТА ҚАЛҒАН ЖҰМЫРТҚА

Бірде Ақиң үяға жайырак ұшып келген еді. Міне, қызың! Мұзбалак орнында жок. Ата бүркіт қатты коркып, жан-жағына қарады.

Күнделікті тірлікте неше түрлі жағдайдың кез болып жататынын ол өмірден талай көріп жүр. «Кім біледі.. Кезіндінің кезінен сақтасын де!..» — деді Ақиң ойланған.

Ол бір сәт үяның шет жағында абдырап тұрып қалды. Сосын селт етіп, басын көтерді.

«Сонда ол қайда кетті? — деп таңырқап, корбаңдай басып келді де, үядагы жатқан жалғыз жұмыртқаны тұмсығымен тартып алып, бауырна жасырды. — Тұ-у, карашы, әбден жаурап қалыпты» Киналмай қайтсін. Кектем жаңа басталды. Күнгейлердің қары кетіп, күн едәуір жылынды. Эйткенмен теріскейде қардың шеті әлі жөнді ойлған жок. Кектемнің алтын күні күнес беттерге мейірлене нұрын күйса, теріскейде ызғырық жел сай-саланы қуалап, тау басына тынbastan өрлей соғып тұрады. Жылдың жылы мезгілі басталғанмен, қар мен мұздың ызғары әлі басым. Кейбір кезде өкменіңнен өтіп кете жаздайды. Оған кося күн рапы бұзылса, тау басына бұлт қонақтап, бүрқақтап қар жауады. Алай-тулей боран соғып, берекеніңде қашыратын уақыт әлі кеткен жок.

Міне, басқа бүркіттердей Ақын әп Мұзбалак жұмыртқасын басып жатқан сол күндер де осындай бір қысылшан шақ болатын.

Ақыңтың бауырындағы жұмыртқа біраздан соң жылынып сала берді. Анда-санда басын төмен тұқыртып, бір тұмсығы сүйір келген көкшіл шұбар жұмыртқаға қызыға көз тастайды. Ол бытайша жай жұмыртқа болғанмен, кос қыранның өзегін жарып шықкан перзенттері емес пе, ете ыстық көрінеді.

— Шіркін, мына жұмыртқадан қандай қыран шығар екен! — деп Ақын қанатының ұшымен жұмыртқаны сипады.

Осы шақта Мұзбалак та сырттан ұшып келген еді.

— Оу, Мұзбалак, қайда жүрсін? — деп, Ақын серігіне қабак шыта бұрылды.

— Төмен түсіп, Мұздысайдың бұлағынан су іштім. Эрі-бері біраз ұшып, қанатымды жазып қайттым.

— Мен келген соң барсан да болмас па еді. Күн салқын ғой, жұмыртқамыз үсіп қалса, қайтесін! — деп Ақын мойын жүнін дүрдитіп, оған қырын қарады.

— Неге үсиді? Үсімейді ол. Ақын, бекер жылтықсансың.

Мұзбалактың мына сезін түсінбеген Ақыңтың қабағы түйіліп, жан-жағына қарады. Бірақ оны ұябасар елемеген кейінде. Жарқын жүзді қалыптен серігіне бұрылды.

— Сабыр сакта, Ақын. Ашу деген кейде орынсыз тасып кетсе, оны ақылға женгізіп, ұстар болар. Ашу лақ етсе, оны иесі токтатпаса, қаймагы бұзылмаған тыныш әмір бостан-босқа астан-кестен болуы, тіптен оңай, сәл сабыр ет, саған бар жағдайды түсіндіріп берейін, — деді ол байсалды түрмен. — Мен оны күніне аз-аздан ашық тастан қоямын. Элбette, оның да себебі бар. Одан да сен жұмыртқаны сол орнында қалдырып, шетке шық. Салқында біраз жатсын.

Әлі ештеңеге түсінбеген Ақын жұмыртқаның үстінен былай шықты. Қабағы ашылмаған. Екі нығын комдады. Содан кейін Мұзбалакқа ала көздей қарап алтып.

— Бұл ісіне жол болсын! — деді ашувын ішке іркіп.

Ұябасар Ақыңтың арқасынан қакты да:

— Түсінбесең, бостан-босқа қобалжыма. Қазір үнсіз жаткан жай жұмыртқа ол. Ертең бұдан балапан өсіп шығады. Балапан — біздің баламыз. Мен, ендеше, баламызға қастық ойлад жүр деп пе ең! Қайта ол үшін жанымды күрбандықка шаламын! — деп кідірді Мұзбалак.

Ақыл бір канатын сермен тастан:

— Иә, иә!.. Жаныңың ашығаны сол екен ғой! — деді ренжіп.

Мұзбалак кең болатын, Жөнсіз ашу шақырып, жолда-
сымен тайталаса кететін мазасыз құс емес еді. Қызара
езу тартты да:

— Сен алдымен мені тында, Ақыл! Мен өзіңе, тағы
айтамын, жай-жаспарды түсіндіріп берейін деп отырса,
бір езулеп болмайсың! — деді қоңыр дауыспен. — Екеуміз
де жас құспыз. Дегенмен жас кезімде ата-баба дәстүрін
әке мен шешеден, басқа үлкен бүркіттерден көріп едім.
Естіп, бойға сініріп ем. Солардың жақсы істерін ілгері
жалғастырып, жұмыртқаны аз да болса салқынға үйретіп
жүрген жайым бар. Бұдан былай ол кей шақта салқында
қалып койса да үсімейді. «Баланы жастан» демей ме,
жұмыртқамыз өте жас. Дегенмен ол шынығудың алғашқы
бір сатысын өткізді. Жас кезінен шынықласа, шындалмаса,
ол кейін үлкейгендеге алғыр қыран бола ала ма! Иә, Ақыл,
осы жағын бір ойлаған жөн шығар, — деп, сабырмен тіл
катты.

Шәулі бүркіт сөзге тоқтап, одан әрі үнде меді. Төмен
карап, ойға батты. Мына жайды көңілінде таразылап,
іштей болжады. Шындығында, Мұзбалактың сөзі орынды
сиякты. Тау қыраны бүркіт болсын, басқа болсын, өмірге
келгеннен соң, шынықканы, шымыр болып, шындалып
өскені азбал. Бұл — өмірдің, тіршіліктің талабы. Шынық-
паған әлжуаз жан, расында, кімге керек?!

Міне, Мұзбалак та осындай бір оймен қыран құстар
әулетінің дәстүрін қолға алып, жалғастырып жүрген еді.
Ал Ақыл алғашында ағат сойлең, асығыстық жасағанын
казір ғана түсінгендей үялып, біраз үнсіз отырды.

— Немене, сен екпелеп отырғаннан саумысың? — деп,
Мұзбалак оған құле тіл катты.

— Жоқ мен неге өкпелеймін. Қайта сені өкпелете
жаздаппын. Кешір мен! — деді Ақыл.

— Оқасы жоқ, қысылма, сенікі де жанашырлық көңіл-
ден шыккан сөз ғой. Енді былай, Ақыл! Мен тапжылмай
үяда жұмыртқаны басып, шайқап балапан шығаруым
керек, — деді Мұзбалак.

НАЙЗАТҰЯҚ

Арада бір жарым ай уақыт өткен. Тұс ауған шақ болатын. Ақыық күз жартасты бауырлай ұшып келді де, ұяға конды. Аяғына бүре ұстап жем әкепті. Әлгі жемді көргенде ұябасар қуаныл, бір-екі рет санқ етті. Орнынан түрегеліп, қанатын жая керіліп, жемге Карай ұмтылды.

— Балапаным шығуға аз күн қалды. Қасына таман жақында, құлағынды тосып көрші. Қабыршағын тұмсығымен жиі-жіңі ұрады! — деген еді Мұзбалак қобалжыған үнмен.

Мына сөзді естігенде Ақыық жадырап, жұмыртқаға жақын келді. Үңіліп карап түрған, сол бір сәтте жұмыртқа қозғалғандай болды.

— Міне, қызық, Мұзбалак. Мынау, шын қималдасты! — деп, Ақыық серігіне таңырқаған кейілпен жүзін бұрды.

— Иә, Ақыық, жана да ол бір-екі рет қозғалған, — деп, Мұзбалак оны қоштай сейледі.

Сейткенше болған жок, бір жіңішке, нәзік дауыс естілді. Тұңғыш рет балапан шығарғалы отырған екі бүркіт өздеріне өздері сенбегендей еді. Бастарын үнсіз изесіп, бір-біріне қарасты. Жай-жапсарды түсінбей, аң-таң болған калыпта. Олар сейтіп түрғанда:

— Апа, апа! Есік аш! — деген бір нәзік дауыс естілді.

Көс қыран алғашында таңырқап, дауыстың қайдан шыққанын аңдай алмай қалған-ды. Бірақ ешкім көрінбеді.

— Шын-ақ біреу дауыстады! — деді Ақыық елеңдеп.

— Иә, рас!.. Кім болса да даусы өте жіңішке екен! — деп Мұзбалак жан-жағына қарады.

Сол мезетте нәзік дауыс тағы естілді. Бұл жолы оның жұмыртқаның тура ішінен шыққанын олар айқын аңғарды. Сосын барып екеуі жұмыртқаға үңілген.

— Балапанның өзі екен, шын сол екен дауыстаган! Иә, иә, соның өзі сейлеген! — деді Ақыық.

Құлақ тосқан Мұзбалак көзін әбден жеткізді ме, басын жерден кетерді.

— Сенің сөзің рас екен, Ақыық! Онда есікті ашайын!

Сейтті де серігіне бір көз тастап, жұмыртқаның бір шетін тұмсығымен тық еткізіп ақырын ойды. Сол-ақ екен, қабыршақтың ішінен кіп-кішкентай, сал имектеу сары тұмсық көрінді.

— Апа, апа, есік аш! — деді ол тағы.

Балапанның өзі өте кішкентай, даусы да нәзік екен.

— Қазір, міне!.. Сәл сабыр ет!— деп, Мұзбалак жұмыртқаның қабығын тұмсығымен жайлап екі айырды.

Ақыық қарап қалыпты. Мұзбалактың қимылдының өзі қандай епті еді! Шіркін, ана қамкорлығы-ай десенші!..

Міне, сейтіп, сары тұмсық, сәл сарғыштау ак үрпек бір балапан дүниеге келген еді. Жұмыртқадан шықкан бетте ауа жұтып, басын екі-үш шайқады. Аузын ашып, тамақ сұрап қояды. Оны дереу бауырына тартып алған Мұзбалак мойнын төмөн иіп аузын ашып еді, жаңа ғана жеген астан бір түйірі бөтекеден түсे қалды. Оны дереу тұмсығымен қысып алып, балапанға асатты. Тіршіліктің заңы сол ғой, дүниеге жаңа келген тіп-титімдей нәресте жан-жағына қарар емес. Тамақ жеуді «біледі» екен, енесінің бергенін қылқ еткізіп жұтады да, тағы аузын ашады.

Қос қанатын салбыратып, қодырайып отырган шәулі қыран мактанды ма, Мұзбалакқа көз тастап:

— Алып қыран болады!— деді орнынан қозғалақтап.— Бірақ өткір тырнағы жоқ, тұмсығы да кіп-кішкентай, нәзік екен. Осы жағы болмаса!..— деп кідіріп қалды.

Мұзбалак езу тартты да:

— Сен, Ақыық, әлі күнге жас бүркітше сөйлейсің,— деді оған бұрылып.

— Жоқ!.. Дегенмен...

— Бұл өтө жас балапан, жұмыртқадан шыққаны жаңа ғана. Біз де бірден қазіргі дарежеге жетіп пе едік. Бұл әлі тіп-титімдей. Күн санап өсіп, бір уақытта үлкен болып шығады. Сонда оған найзадай өткір түяқ, мықты имек тұмсық пайда болады. Қек жүзінде қанша ұшып, самғаса да талмайтын қанат, құйрық бітеді, қауырсыны қатайып, ол мықты құс болады. Топшысы мен буындары бекіді,— деп Мұзбалак қиялға беріліп, екі көзін сығырайтып, басын аздап кисайтты да, зенгір кекке қарап қойды.— Осы тауды мекен еткен аркар мен құлжаны, тауешкі мен таутекені өзің талай көріп жүрсің. Арқарлардың қозылары, тауешкінің лақтары туғанда кіп-кішкентай болады. Тастан тасқа секіріп, ойнақ салып жүреді. Сол кішкентай андарда мүйіз барын көрдің бе? Әлбетте, жоқ, Ақыық! Кебе тартып, үлкейгенде біртінде өсіп шығады. Өсе келе мүйіздері қарағайдай болады. Біздің мына балапан да, ойлап тұрсаң, тұра сондай. Өйткені ол қазір титтей нәресте ғой. Ал үлкей-іп, есейгенде өз қаруы өзінде болатыны ақиқат,— деді Мұзбалак.

Ақыық жаңа үққандай. Шындығында, Мұзбалак маңайы-

ның бәріне жай көз салып, қарап қана қоймайды. Байқап, зерттеп, бағдарлап, көкейіне түйіп алып жүреді екен. Ата бүркіт өзінің анқаулығын жаңа ангарып отыргандай. Эсіресе соңғы кезде көп нәрсенің мәнін ұғып, түсінгендей болып жүр.

Ол жүзін тәмен салып, ойға кетіп, бір сәт үнсіз қалған еді. Мұзбалак оны тұртты де:

- Иә, тағы не бар? — деді жымыны.
- Маган бір ой келіп тұр, — деді Ақыық сабырмен.
- Ал, айта ғой ойынды.
- Мұзбалак, мұның атын қалай қойсақ екен, ә? — деді Ақыық біреу бір нәрсесін тартып алып кететіндей жанжына алаңдап.
- Асықпайық, Ақыық. Әлі жас қой, есейсін.

Мұзбалактың айтқаны қабылданып, екеуі де ойлы жүрген. Бір күні түсте Ақыық ұяға көңілді оралды. Серігіне жақын конып:

- Бұның атын Найзатұяқ коялық! — деді алқына демін алып. — Тұяктарың наизадай, алып, алғыр қыран болсын!

Оның мына ұсынысы Мұзбалакқа қатты ұнады.

- Тауып айттың, Ақыық, мұның аты Найзатұяқ болсын онда. Қайтпас қайсар тау қыраны болып өссін! — деп қоштады ол.

— Бұл әзірше кішкентай, алайда біз ата-баба дәстүрін одан әрі жалғастырып, Найзатұяқты алғырлыққа баулимыз, — деді Ақыық кос қанатын қомдай түсіп, желпініп.

Ол корбандай қозғалып, кіп-кішкентай Найзатұяқ сынды бала қыранға тағы да бір қарайын деп еңкейген-ді. Бірақ оның бұл мезетте енесінің жып-жылы бауырында рахаттанып үйқылы-ояу жатқаны есіне кілт түсті де, ол еріксіз аялдады.

— Жарайды онда, Найзатұяқ, дем ала ғой, балапаным! — деп, Ақыық ұяның шет жағына шықты да, тынығуға кірісті.

ЖАРТАСТАН ТҮСКЕН ЖҮН-ЖҮРҚА

Төлек пен Қанат Мұздысайды өрлей тартып келеді. Шатқал іші барған сайын тарылып, қысанға айналды.

Күн кешегіден бүгін жылы секілді. Жалғыз аяқ сокпақтың жағасында жатқан ала шұбар қар жіпсіп ери бастапты. Кеуіп кеткен күнес беттер болмаса, жібіп жатқан жердің асты тоң екен. Байқаңқырап жүрмесен, тайып кетіп, тасқа соғылуың, тілті, терен шатқалға сырғанап та жөнелуің әжеп емес. Әйткенмен екеуі елгезек жас емес пе, барған сайын өрге қарай тырмысып, әлі жүріп келеді.

Бір мезгілде Қанат тоқтал:

— Төлек аға, ана жаққа карашы! — деді бұлақ ағып жатқан қысанды көрсетіп.

Төлек оның сезін жөнді түсінбей:

— Ол не, Қанат?

— Ана жерде сарқырама бар екен. Мұзы кандай бір түрлі!..

Төлек солай қайтадан көз тастанды. Оның аң-таң болғанындей бар еді. Туырлықтай бір үлкен мұз серек тастың басына жарбия барып ілінгөн. Құлап ақкан бұлақ сұы әлгіні төрт жаянан түгел кеүлеп, үскінын әбден алтыпты. Анадайдан қарағанда тас басына шығып алған әруейге¹ үқсайды.

— Мен алғаш қорқып қалдым. Сосын оның мұз екенін біліп, дереу саған көрсеттім, — деді Қанат басын шайқап.

— Шынында, оның сүрепетін көргенде менің де арқам шымырлап, тұла бойым дір етті, — деді Төлек мырс етіп. — Мына қарды еріткен, жаңағы көкше мұзды тас басына ылт қойған көктем лебі емес ін! Әне, қыстай бұлақ сұын құрсауга алып, жіберместей сіресіп жатқан мұз да акыры женіліпті. Сол қыруар мұз бен қардың қалдығы серек тастың басына қашып шығып, зәре-құты қалмаған. Тас басынан мықтап ұстап, айрылмаймын, бой бермеймін десе де, уақыт оның еркіне жібере ме!

Екеуі әлгі мұзға жақын келді. Қанат оны бірнеше рет суретке де түсірді.

— Тездет, күн де кешкіріп бара жатыр, — деп ескертті Төлек оған.

Олар тағы ілгері аяңдады.

Төлек биыл тоғызынышы класты тамамдайды, Қанат

¹ Әруей — құбыжық деген мағынада.

болса алтыншыны бітірмек. Екеуі ағайынды кісінің баласы. Кеше олар осы таудағы көктеуде отырған аталары Аман-құлдың үйіне келген. Тауды арадап, жер көруге әбден құмар. Атасына көмектесіп, қолғабыс та тигізеді.

Жатар алдында екі бала Мұздысайдагы бүркіт үя салған жерді, әсіресе ұядығы балапанды көріп қайтпаққа бекінген. Содан келе жатқандары осы еді. Бір кішкене қожыр тасты тепсең жерге тоқтады. Қанат басын көтеріп, құз жартасқа қарады да:

— Осы жерден үя жақсы көрінгенмен, балапанның бар-жогы білінбейді,— деп, Төлекке дүrbісін берді.— Қараши, үяның шет жағында бүркіт отыр.

— Онда анау үяға қарсы беттегі үйдей тасқа шыққанымыз жөн болар.

— Дұрыс, Төлек, сөйтейік.

Осыған келіскен екеуі оң жактағы күнгейге өрлей тартып, ол араға алдымен Қанат жетті. Жаңагы үлкен тастың жанында аялдаپ, үя жаққа қараган ол:

— Айтқанымыз дәл болды,— деді жымып.

Төлек өған басын изеп, басқа ештене деместен алқына басып Қанаттың жанына келіп тоқтады.

— Осы жерден жартас та, үя мен балапан да оте жақсы көрініп тұр. Балапаны жалғыз екен, бүркіттің жанында отыр. Ақ үрпек, кіп-кішкентай. Мен оларды суретке түсіремін,— деді Қанат куана.

Ол фотоаппаратын бүркіттің үясина дәлдел алыш, екі-үш рет шыртылдатты. Содан кейін сәл кідіріп:

— Ой, анау не!.. Жартастың басынан бір нәрсе құлап келеді!— деді даусы жарықшақтана естіліп.

Әлгіні Төлек те байқапты. Екеуі үнсіз қарап қалысты. Бір нәрсе, расында, биік жартас басынан төмен құлап келді де, жерге түсті.

Төлек пен Қанат әлі аң-тан.

— Бұл не сонда жоғарыдан құлаған?— деді Қанат мазасыздау кейіппен.

— Соны мен де білмей тұрмын. Өзі жансыз, женіл нәрсе, мениңше. Жанды нәрсе қашшалықты үп етіп қаңбактай үшса да, салмағы болу керек қой. Сонау шыңың басынан төмен қарай апай-топай домалары сөзсіз еді. Ал, мынау ше?.. Мен білсем, бұл салмағы аз бірдене. Көрмеймісің, дыбысы да шықлады және сайдың табанына баяу келіп түсті де, қозғалмастан жатып қалды.

Екеуі солай қарап тұрған шакта, сондай бір нәрсе

төмен құлап келеді екен. Жаңағыдай емес, бұл басқашалау көрінді. Алды-артында бірденелер ағарандап ұшып жүргея сияқты. Дұrbі салып қарап еді, ажырата алмады.

— Бұл не екенін білмеймін. Ал қалықтап, бұрқырап ұшқандар құс мамығы тәрізді,— деген болжам айтты Төлек.

— Эне, ол да жерге түсті.

— Жүр, Қанат не де болса, жакын барып көрелік,— дед, Төлек жаңа өздері келген ізben сайға қарай жүрді.

Тік жартас тебенін төне түседі. Жартас пен бұлактың екі арасы таяқ тастам жер ғана. Бұлак сұы соған тақап ағып жатыр.

Төлек алға жүріп барып, арт жағына қарап еді, Қанат жолдан әлі шықпай түр екен.

— Жүрмейсің бе, тездеп барып көрелік. Сосын үйге қайтамыз,— деді Төлек аялдап.

Қанат басын жерден алмай:

— Төлек аға, не бар сонда. Одан да үйге қайталық. Біз ауылға жеткенше, күн де батып, қараңғы түсіп кетер,— деді үні бәсек шығып.

— Оу, Қанатжан, неге сонша асықтың? Одан да жаңағы не нәрсе екен, жанына барып байқалық. Сен, не, өзің қорыққаннан саумысың? Мен тұрғанда, қорықпа! Ой, батыр-ау, жолын болсын, жігіт адам сейте ме екен!— дед, ол тісін ақсита құлді.

Қанатта үн жоқ, иығын көтерді.

— Жүр, барамыз!— деді Төлек тағы да.

Қанат енді жолдан шығып, амалсыздан солай қарай бет бұрды. Екеуі де үнсіз жүріп келеді. Бұлактан атташ етті де, әлгі жерге сылбыр басып келді.

Міне, ғажап! Сонау құзар жартастан құлап түскей неше түрлі құстың ұйысқан жүн-жүрқасы. Екеуі таяқпен шұқылап көріп жатыр.

— Сонда бұны жоғарыдан кім тастады?!— деді Қанат таңырқап.

Төлек те аң-тан. Екеуі сол арадан жартастың ұшар басына қайта-қайта карасты. Олар сейтіп тұрғанда тысырлаған дыбыс естілді. Бұлактың аргы жағында екі тұп қаралат есіп тұрған. Дәл сол жерде Майтабан жүр. Әрі-бері жүгіріп, айналадан із шалады. Эне, Аманқұл ата да жолдан бері бұрыльыпты, қолында шетен таяғы. Аяғында усталарға сокқызыған темір тақа, басқан сайын тасқа тиіп, тағалы аттың жүргеніндей тасыр-тұсыр етеді. Бұл тақасын ол

кыс бойы тастамайды. Аягына байлап алса болғаны, небір кия беттерден таймай жүре береді. Дейтұрганмен, байқап кимылдауды карт есінен шығармайды.

— Оу, алтындар, бұнда не істеп жүрсіндер? — деді Аманқұл бұлактың арғы жағынан.

— Мына жерде бір қызық бар, бері етіп келіңізді? — дед Төлек атасын жаңына шақырды.

Шопан ата судан етіп, олардың қастарына жақын келіп тоқтады. Ана екеуі жөндерін айтып еді, алғашында Аманқұл да кайран қалып, тау басына қараган.

— Е-е, мен білдім бұны кімнің тастаганыя, — деді сосын жогарыға көз салып. — Бұл бүркіттің ісі екен. Иә, солар. Ақынқ пен Мұзбалактың ұясынан түскен гой, қарандаршы анықтап. Тура солай, Төлек, Қанат, — деді ол сенімді түрде.

— Оны қайдан білдіңіз?

Көпті көрген Аманқұл карт Қанат пенен Төлекке қыран туралы түсіндіріп, айтып берді.

— Бүркіттің балапаны шыққалы қырық күндей уақыт болды, балалар. Ол қазір кәдімгідей өсіп қалған болу керек. Демек, оның балапаны темір канат тартқан екен.

— Ата, оны қалай біліп түрсыз? — деді Қанат оның сезін беліп.

— Сабыр ет, құлыншағым, оны да айтып берейін.

— Иә, айта беріңіз, — деді Төлек ойын бөлме дегендей Қанатқа қолын кес-кестел.

Аманқұл әңгімесін әрі қарай сабактады.

— Шиқурайдың түбіне не бетеге, көденің қалқасына үя салған торғайды талай көріп жүрсіндер.

— Иә, ата, талай көрдік. Қыр торғайы ұясын курап қалған майда шөптен дәңгеленіп, шебер орап жасайды. Элгіге келіп қарасан, бірер күнде-ақ кіп-кішкентай жұмыртқалар жатады. Ойнап жүріп талай көргем.

— Басқа құстар да ұясын өз алінше өдемілеп жасайды, — деді Аманқұл. — Төлекжан, дұрыс байқапсың. Ал бүркіттің ұясы да сол іспеттес, балалар. Алайда ол бозторғайдың ұясындай титтей емес, ете үлкен болады. Неше түрлі бұта мен бұтақтан еріп, тоқып жасағанын өз көзіммен талай көрдім. Ұясының табанына бұтақ төсеп тастайды. Талай байқап, бағдарлап көріп журміз, қырандар жұмыртқасын салар кезде ұясына жұн-жұрқа, қиқым-сиқым, шеп-шаламда әкеліп төсейді екен. Онысы үя іші жұмсак, жылы болсын дегені. Неге десен, бүркіттің балапаны

шыккан уақыт көктемнің салкын, тіпті, сұық кезі гой. Әсірессе тау басында сұық жел тынбай соғып тұрады. Дененді қарып өтер аяз кандай! Бұтактан тоқып жасаған үя іші ондай кездे кәдімгідей жылы болып тұрады.

— Ол қайдан жылы болсын. Бұтактардың арасынан ызылдалап соғып тұратын сұп-сұық жел өнменінен өтпей ме? — деді Төлек атасының сезін коштап.

— Дұрыс, айттың, Төлекжан! Міне, олар балапанын сол сұқтан қорғау үшін үясына мыналарды әкеліп тесемей ме.

Оның сезін Қанат бөлді. Ол жартастың бас жағына қарап тұрып:

— Эне, тағы бір нәрсе жоғарыдан бері қулап келеді, — деді дауысы қатты шығып.

Барі солай қарады. Ол да женіл жұн-жүрқа екен, баяу жылжып төменірек келді де, құystар мен жақларларға шашылып, орта жолда тұрып қалды.

— Екі қыран үясын тазалап жатыр екен, — деді Аманқұл Төлек пен Қанатқа кезек қарап. — Мына қоқыс та сол үядан түсті. Кәне, жүріндер, былайырақ барып, қарсы беттен дүрбі салып қарайық. Жоғарырақ шықпасақ та, ана жерден анық, айқын көрінеді.

Келісім сол болды да, олар өрлеп, күнгей бетке қайта шықты. Бұл жерден де қырандардың үясы ете жақсы көрініп тұрды. Бұркіттің бірі сонда екен. Сол сәтте енесінің қанатының астынан балалан тұмсығын шығарып қарады да, қайтадан жасырынды. Қарсы беттен бақандай үш адамның дүрбімен таңырқай қараганын қайдан білсін. Бірер минут өтпей-ақ ол үяның жиегіне тағы шықты. Қос қанатын кезек созып, қағып-қағып кояды. Корбаңдал ары-бері жүрді. Әжептеуір ұлкейіп, боз жағал тартып қалыпты.

Төлек солай қарап тұрып:

— Ата, енесі жаңында екен, ендеше, бала бүркіт неге тыншып отырмайды? Мазасы жок тәрізді, үя ішіне жата қалмай, одан қайта жиегіне шығады. Ол калай? — деп сұрады.

Жас қыранның ол әрекет-қимылын шопан ата әлгінде-ақ аңғарған. Және оның неге өйтіп жүргенін іштей болжап, голышылаған.

— Е, балам-ай, енесі бірге болса да, ол әзірге тыншыншып отыруға тиіс емес, мен білсем, — деді Аманқұл, әлгі жақты көрсетіп, — бүгін бүркіт үясын жұмсақ мамық

атаулыдан тазарткан... Ол, әрине балапанға жайсыз тиіп түр.

— Ата, ол неге үясынан жүн-жүрқаны сыртқа алып тастайды? Мамықтың енді қажеті жоқ па? — деді Қанат.

— Айтайын, сабыр сақтаңдар, — деп, Аманқұл сөзін жалғап, ұзын, аптақ сақалын он колымен саумалады. — Басқа құстар бүркіттің бір ерекшелігі бар. Ол балапаны есейіп, кара қанат тартқанда, мамықты алып тастайды. Құс баласы ішінде бүркіт қана, онда да аса биік тауды мекен ететін ақиықтар, мұзбалактар тұқымына жататын кейбір алғыр құстар ғана сейтеді. Ал, төмөнделеп, тау бөктерілеп жүретін, үясын да сол маңайға салатын, кішкене сары бүркіттер бүйтіп жатпайды. Ашық дала, орманды жер, шөл, тауларды мекендейтін бүркіттер де өйтпейді. Біздің таудың аласа сілемдерін жайлайтын сары балақ бүркіт сондай. Кішірек тау болған соң ба, олардың тұқымдары, көбіне, әлжуаздау келеді. Тұлқі мен қоянды құтқармайды. Ал қасқыр мен елікке тауешкінің лағы сықылданған андарды іштерінде алғырлары болмаса, көп ретте ала алмайды, — деп Аманқұл, сөзін әрі жалғастырды. — Балаларым, өткенде де айтқанмын. Қасқыр, елік сықылды ірі аңды алатындар сол ақиық, мұзбалактар тұқымы.

— Дұрыс, ата, — деп Төлек мұздысайдың құз жартасын көрсетті. Ал мыналар қайсысына жатады?

— Иә, балам, біздің мына мұздысайға үя салған сол қырандар тұқымына жатады, менің іштей топшылап, байқағаным шын болса, — деді Аманқұл байыппен. — Бұлардан да алғыр, мықты бүркіттер бар. Олардың мына Тянь-Шань, Памирдің, одан аргы Қарақорым, Гималайдың аспанмен тілдескен биік-биік шындарын, бұлт оралып, қар мен мұз күрсаулаған жартастарын мекендеп, өмір сүріп жатқанын естіміз. Элбette, ол бүркіттер қанша алғыр, қанша мықта болғанмен, тауешкі мен арқарды бірден алып кете алмайды. Бірақ олар жартаста жүрген кезде тұтқылдан шабуылдал, соғып отіп, құз-қиядан құлатып кететүғын көрінеді. Содан кейін мерт болған аңды жемей ме?! Мен өзім оны көргөм жоқ. Бірақ оны білетіндер солай деп әңгіме айтады, — деді Аманқұл қыза сейлеп.

Таңырқаған балалар ойлағандай сал үнсіз кідірген-ді. Сосын Төлек атасына бұрылыш:

— Ата, айтпакшы, бүркіттер үяларына салған жұмсак

нәрсөлерді неге алып тастанды? Қазір, міне, май айында да тау басында күн салқын ғой. Жас балапан жаурамай ма? Ұя ішінде мамық барда жатқан жері жұмсақ және жылы болар. Оны да алып тастанды. Осы жағдай бізге түсініксіз болып тұр,— деп, әңгіме желісін ең алғашқы арнасына қайта бұрып әкелді.

— Түсіндіріп берейін,— деп Аманқұл асықпай әңгімесін сабактады.— Біріншіден, ұя — олардың үйлері, паналары. Екіншіден, қонақтап отырганда немесе ұшып жүргендे қандай сұyk болса да қыран құстар корықпайды. Өйткені бұл мыңдаған жылдар бойы бейімделген әдеттері және олар балапанды титтейінен дәл осындай өмір жолына үйретеді. Балапанның жас уақытында күн сұтынп кетсе де корқыныш жок. Ол дереу енесінің бауырына кіреді де, жылы жерде үйқысын қандырады. Жас бүркіттің қауырсын жұндері де біртінде жетіледі. Өзі де күннен күнге тез өседі. Сейтіп, ол есейгенде кәдімгі үлкен қыран бүркіт сияқтанып өздерімен бір ұяда қонақтап отырады.

— Бұл жағы түсінікті. Ал ұядан жұн-жүрка, неге алынып тасталды, соны айтсаныз?

— Өзім де соны айтпақшы ем. Кәне, құлақ қойындар, түсіндіріп берейін.

Канат пен Төлек оны үнсіз тыңдасты.

— Ұя ішіне төсеген мамықты сыртқа алып тастанса, балапан тез аяқтанады. Өте жай аяқтанған, мезгілінен кеш үшқан күс нәзік, осал болады. Мейлі адам, мейлі аң мен күс болсын баласының мықты болып, өмір сүрген ортасына бейім, бекем өскенін қалай ғана қаламасын!— деді Аманқұл әр сезін таптап айтып.— Элбетте, кім баласын қауқары жок, әлжуаз болсын дейді. Ондай бала көбіне дәрменсіз, ынжық келеді. Жігерсіз, тексіз бала ата-ананың жақсы ісін қалай алға апарады? Сондықтан да әркім, баласын ақылды, қайратты етіп өсіруге тиісті. Ата-ананың бар тілегі сол ғана!

Екі бала бас изесті.

— Ата, сосын?..— деді Канат тағы бір сауал берін.

— Ұядарғы мамықты қалдырмай, алып, тастанса, бала қыран қанаттанып үшқанша кебінесе түрегеліп тұрады. Жұмсақ мамық алынған соң ұяның табанында адырайған бұтак қана калады. Ол, әрине, балапанның төсіне батады да, емін-еркін жата алмайды. Сонымен, темір канат балапан, амалы жок, түрегеп тұра бастайды. Алғашында, әлбетте, қабыргасы қатпаган жас қыранға оның оцай тимейтіні

белгілі. Эйткенмен өмір, тағдыр өз дегенін істепей тұра ала ма. Лажсыздан көнеді, көндігеді. Біртіндең шынығып, шыңдалып өседі. Әсіресе аяғы, бар деңесі тез күш алып, шымырланған түседі. Екі санның бұлшық еті, тарамыс сіңірлері катая бастайды. Ұядағы мамықты, жұн-жүрқаны сыртқа алып тастаудың пайдасы осы,— деп түсіндірді ол.

Шопан ата Аманқұл алдын бастап, үшеуі тауешкіше шұбырып, сайға түсіп келеді. Әсіресе Қанат риза. Атасы мен Төлекке кезек қарап:

— Тауға келген күніміз босқа өтпей, талай-талай қызықтың көріп қайттық,— деді бұлак жағасына жеткенде.

КӨП БІЛЕТІН КӨРШІЛЕР

Улкен сәске болған кез. Найзатұяқ ұяның шетіне шығып отырган. Төменинен өрге қарай сокқан салқын жел балапан бүркіттің тынысын кеңейтіп, маужыраган денесін жадырата бастады. Ол енді басын кетеріп, жан-жағына қарап қойды. Төбеден төніп тұрган бүркітқабақ жартастың оң жағында кішкентай кезең бар еді. Бір заманда сандықтай тас сынып түскенге ұксайды. Сол арадан ағарып таудың басы көрінді. Асқар шың күн нұрына шағылысып, жарқырай кез тартады. Одан әрі көк аспан, онда баяу қалықтаған ақ ұлпа бұлт, салып қойған суреттей.

Найзатұяқ солай қарай тағы бір кез жіберіп кідірді де, төменге жүзін бұрды. Бұрын қалай аңғармаған, ұяның ылди жағы, тіpten құзар, терең жатқан шатқал екен. Тастан тасқа секіріп акқан асау бұлактың болымсыз сарыны талып зорға жетеді.

— Біздің үя қандай биік жерде еді!— деп тамсанды Найзатұяқ айналасын жана байқап тұргандай басын шайқап.

Ол тағы да бірдене айтпак еді. Оның ойын өр жағынан жарыса шиқылдаған жіңішке дауыс белді. Біреу емес, бірнешеу сияқты өзі. Солай қарай бұрылған бала қыран жақларда қонып отырган кішкене құсты андады. Ол отырган Сұржағал атты жабайы кептер болатын. Жаңа ғана қатарласа шиқылдаған жіп-жіңішке көп дауыс және естілді. Найзатұяқ олардың кіл-кішкентай балапандар екенін ой жіберіп топшылады. Солай қарай мойнын созып қарап еді, көре алмады.